



Пән бойынша оқыту
бағдарламасының (Syllabus)
титулдық парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/37

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Филология, журналистика және өнер факультеті

Аударма теориясы мен практикасы кафедрасы

5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі,
5B021000 – Шетел филологиясы мамандықтарының студенттеріне арналған

Типологиялық зерттеу негіздері

ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ (Syllabus)

Павлодар



Пән бойынша оқыту
бағдарламасын (Syllabus)
бекіту парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/38

БЕКІТЕМІН

ФЖжӨ факультеті деканы

_____ Ж.Т.Сарбалаев

20__ж.«__»_____

Құрастырушылар: _____ доцент, филол.ғ. канд., Г.Х. Демесинова,
_____ доцент, филол.ғ. канд. Г.К.Кенжетаева

Аударма теориясы мен практикасы кафедрасы

5В011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі, 5В021000 – Шетел филологиясы
мамандықтарының сырттай оқу нысанының студенттеріне арналған

Типологиялық зерттеу негіздері

пәні бойынша оқыту бағдарламасы (Syllabus)

Бағдарлама 20__ж. «__» _____ бекітілген жұмыс оқу бағдарламасының
негізінде әзірленді.

Кафедра отырысында ұсынылды 20 __ ж. «__» _____ № _____
Хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Г.Х. Демесинова 20__ж. «__» _____

ФЖжӨ факультетінің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды
20 __ ж. «__» _____ № _____ Хаттама

ОӘК төрағасы _____ Е.Н. Жұманқұлова 20 __ ж. «__» _____

1 Оқытушылар туралы мәліметтер және байланысу ақпараттары

Галина Хатиповна Демесинова – филол.ғ. кандидаты, Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі, С.Торайғыров ат. ПМУ доценті.

Гулзира Кабаевна Кенжетаева – филол.ғ. кандидаты, Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті.

Аударма теориясы мен практикасы кафедрасы, А корпусында, Ломов көшесі, 64 үй, 250 аудиторияда орналасқан. Байланысу телефоны 67-36-31, ішкі байланыс 13- 46.

2 Пән туралы мәліметтер

Аталмыш пән 050207 Аударма ісі мамандығының жалпыға міндетті білім беру стандартына сай элективтік пәндердің бірі болып табылады. Курстың мақсаты студенттердің назарын ағылшын (неміс) тілі мен қазақ тілінің тіл аралық айырмашылықтарына аудару және соның негізінде олардың болашақ мамандықтарының тиімді негізін қалау.

3 Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Кредиттар саны	Аудиториялық сабақ түрлері бойынша байланыс сағаттарының саны						Студенттің өздік жұмысының сағат саны		Бақылау түрлері
		барлығы	дәріс	практика	зертханалық	студиялық	жеке	барлығы	СОӨЖ	
6	2	30	15	15				60	30	емтихан
Барлығы										

4 Пәннің мақсаты және міндеттері

1.1 Пәннің мақсаты

Типологиялық зерттеу негіздері пәнінің мақсаты – оқылатын тілдің фонетикалық құрылымы, тілдің грамматикалық құрылымы мен сөздік құрамына байланысты барлық мәліметтерді студенттердің ана тілімен салыстыра отырып қорытындылау.

1.2 Пәннің міндеттері

- ана тілі мен шетел тілдерінің жүйелерін жалпы және бөлек алынған ықшам жүйе ретінде салыстырып қарастыру;
 - тілдер құрылымының жалпы қасиеттерін өзара байланыс түрінде салыстыру;
 - студенттердің назарын шетел және қазақ тілдерінің тіларалық келіспеушіліктеріне аударып, олардың келешек кәсіби іс-әрекетіне ықшам түрде қолдану.

5 Білімге, икемділікке және дағды-машықтарға қойылатын талаптар

Пәнді зерделеу нәтижесінде студент білуге тиіс:

- типологиялық зерттеу тарихын;
- белгіленген категориялар саласында тіларалық

келісушіліктерді айыра білу;

- салыстыруды қамтамасыз ететін мазмұндық, формалды, функционалды категориялар кешенін;

- ана тілі құрылымының шетел тілі мен аудармаға әсер ету сипатын.

Пәнді зерделеу нәтижесінде студент үйренуге тиіс:

- тілдік материалды жүйелі түрде қарастыруды;

- тірек ретінде салыстырылып отырған категориялардың мазмұндық жағын қолдануды;

- салыстырылып отырған бірліктердің функционалды ерекшеліктерін еске алуды;

- ағылшын (неміс) және қазақ тілдерінің типологиялық ерекшеліктерін барлық құрылым деңгейлерінде талдауды;

- ана тілі мен шетел тілдерінің құрылымдық және функционалды ұқсас (изоморфтық) пен құрылымдық ұқсас емес (алломорфтық) қасиеттерін анықтауды;

- алда болатын қиыншылықтар түрі мен оларды жеңу жолдарын болжауды.

6 Пререквизиттер

«Типологиялық зерттеу негіздері» курсы келесі пәндерді оқуды қажет етеді: «Тілтануға кіріспе», «Жалпы тілтану», «Қазіргі орыс тілі», «Бірінші шетел тілінің практикалық курсы», «Аударма теориясы», «Мәдениетаралық коммуникация теориясына кіріспе», «Елтану», «Ағылшын тілінің функционалды силистикасы».

7 Постреквизиттер

Пәнді оқу барысында алған білім мен дағдылар жалпыкәсіптік шетел тілі, екінші шетел тілі, Елтану сияқты, аударма теориясы, оқитын тіл теориясы негіздері сияқты пәндерді оқуда қажет.

8 Пәннің тақырыптық жоспары

№ р/с	Тақырыптардың атауы	Сабақ түрлері бойынша байланыс сағаттарының саны			
		дәріс-тер	практи-калық	зертха-налық	СӨЖ
1	Тілдер типологиясының негізгі ұғымдары	0,5	0,5	ж/ж	10
2	Типологиялық зерттеу тарихына шолу	0,5	0,5	ж/ж	10
3	Типологиялық талдау әдістері	0,5	0,5	ж/ж	9
4	Шетел (неміс, ағылшын) және қазақ тілдерінің фонологиялық жүйесі типологиясы.	1	1	ж/ж	10
5	Ағылшын (неміс) және қазақ тілдерінің морфологиялық жүйесі типологиясы.	1	1	ж/ж	10
6	Ағылшын (неміс) және қазақ тілдерінің синтаксистік жүйесі типологиясы.	1	1	ж/ж	10
7	Ағылшын (неміс) және қазақ тілдерінің лексикалық жүйесі типологиясы.	1	1	ж/ж	10

8	Салыстырмалы типологиясы мен оқытудың әдістемесі.	0,5	0,5	ж/ж	9
БАРЛЫҒЫ:		6	6	ж/ж	78

9 Пәнге қысқаша сипаттама

Пәннің негізгі мақсаты – оқылатын тілдің фонетикалық құрылымын, грамматикалық құрылымы мен сөздік құрамына байланысты барлық мәліметтерді студенттердің ана тілімен салыстыра отырып қорытындылау.

Салыстыру мен салғастырудың типологиялық сипаты ана тілі мен шетел тілдерінің жүйелерін жалпы және жеке алынған ықшам жүйе ретінде салыстырып қарастыруды мүмкін етеді. Бұл сияқты салыстырулар тілдер құрылымының жалпы қасиеттерін олардың өзара байланысы мен өзара шарттастығында қарастыруды қамтамасыз етеді.

Курс студенттердің назарын шетел және қазақ тілдерінің тіларалық келіспеушіліктеріне аударып, оларды келешек кәсіби іс-әрекетінде ықшам түрде қолдануға машықтандыруды мақсат етеді. Тілдік материалға жүйелі түрде келу, салыстырылып отырған категориялардың маңызды жақтарына сүйену, салыстырылып отырған бірліктердің функционалдық ерекшеліктерін есепке алу қазіргі лингвистиканың жетістіктерінің талаптарына сай келеді.

Шетел және ана тілдерінің құрылымының барлық деңгейдегі типологиялық ерекшеліктеріне талдау жасау олардың кейбір құрылымдық және функционалдық ұқсастықтарын (изоморфтық) және құрылымдық ерекшеліктерін (алломорфтық) анықтауға мүмкіндік береді. Бұл болашақ аудармашыларға екі тілдің жүйесін сипаттап, алда болатын қиыншылықтардан жол табудың әдіс-тәсілдерін табуға мүмкіндік береді.

10 Курстың компоненттері

10.1 Дәріс сабақтарының тақырыптарының тізімі

1 тақырып. Тілдер типологиясының негізгі ұғымдары.

Типология – тіл білімінің ерекше бөлімі. Жалпы және жеке типология түрлері. Тілдер типологиясы терминдері. Изоморфизм және алломорфизм ұғымдары. Типологиялық зерттеу деңгейлері. Универсалийлердің анықтамасы. Универсалий мәселелері тарихы және типология үшін универсалий теориясының маңызы. Тіл-эталон ұғымы. Типологияның басқа лингвистикалық пәндермен байланысы.

2 тақырып. Типологиялық зерттеу тарихына қысқаша шолу.

XIX ғасырдағы тілдердің морфологиялық топтастырылуы. XX ғасырдағы шетелдегі типологиялық зерттеулердің дамуы. Ресей мен ССРО-ғы типологиялық зерттеулер. XX ғасырдың екінші жартысындағы типологиялық зерттеулер.

3 тақырып. Типологиялық талдау әдістері
Салыстыру – типологиялық зерттеулердегі негізгі әдіс. Салыстырмалы-тарихи және салыстырмалы-типологиялық әдістер арасындағы айырмашылықтар. Типологиялық көрсеткіштердің әдісі (Гринберг Д.). Грамматика саласындағы салғастырмалы зерттеу әдістері (Шишова О.В.).

4 тақырып. Шетел (неміс, ағылшын) және қазақ тілдерінің фонологиялық жүйесі типологиясы.

Фонологиялық жүйе, деңгей түсініктері. Екі тілдің фонологиялық жүйелері типологиясын анықтау үшін көрсеткіштерді таңдау. Екі тілдегі дауыстылардың ішкі жүйесінің типологиялық көрсеткіштері. Екі тілдегі дауыссыздардың ішкі жүйесінің типологиялық көрсеткіштері. Суперсегменттік тәсілдердің типологиялық сипаттамалары. Буын құрылымдарының типологиясы. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдеріндегі буын құрылымдарының негізгі түрлері.

5 тақырып. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдерінің морфологиялық жүйесі типологиясы.

Тілдің морфологиялық деңгейі ұғымы. Сөз таптары типологиясы. Ағылшын (неміс) мен қазақ тілдеріндегі грамматикалық категориялардың типологиясы.

6 тақырып. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдерінің синтаксистік жүйесі типологиясы.

Синтаксистік деңгей ұғымы. Сөз тіркестері типологиясы. Сөз тіркестері түрлерін анықтаудағы критерийлер. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдеріндегі атрибутивтік сөз тіркестері. Екі тілдегі объектілі сөз тіркестері түрлері. Сөз таптарының және сөйлем мүшелерінің жалпы типология сұрақтары. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдеріндегі бір компонентті және екі компонентті баяндауыш пен бастауыштың түрлері. Сөйлем типологиясы тарихынан. Сөйлем түрлерін анықтау критерийлері.

7 тақырып. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдерінің лексикалық жүйесі типологиясы.

Сөз тілдегі лексикалық құрамның негізгі типологиялық бірлігі ретінде. Лексикалық категория ұғымы. Сөз типологиясы. Сөз құру түрінің түсінігі. Қосымшасыз сөз құру типологиясы. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдеріндегі қиын сөздердің түрлері.

8 Салыстырмалы типология мен оқытудың әдістемесі.

Қазақ тілінен ағылшын (неміс) тіліне аударған кезде кездесетін қателер түрлері. Аударма кезінде туындайтын қателердің себептері. Айту кезінде байқалатын тұрақты қателер. Морфологиядағы айырмашылықтармен байланысты кездесетін тұрақты қателер. Сөз тәртібінде кездесетін тұрақты қателер. Салыстырмалы типологияның оқытудың әдістемесі үшін теориялық және практикалық маңызы.

10.2 Семинар сабақтарының тақырыптары

1-тақырып. Тілдер типологиясының негізгі ұғымдары.

1. Тілдер типологиясының бөлімдері.
2. Тарихи типологизациялау тіл тарихын кезеңге бөлудің негіздемесі ретінде.
3. «Тілдер типологиясы» термині.
4. Тілдік тип және тіл типі ұғымдары.
5. Типологиялық зерттеу деңгейлері.
6. Изоморфизм және алломорфизм ұғымдары.
7. Универсалиялар туралы ұғымдар және оларды анықтаудағы типологияның маңызы.
8. Тіл –эталон ұғымы жайында.
9. Типологияның басқа лингвистикалық пәндермен байланысы.

2-тақырып. Типологиялық зерттеу тарихына қысқаша шолу

1. XIX - XX ғасырдың басындағы типологиялық зерттеулер.
2. XX ғасырдағы шетелдегі типологиялық зерттеулер.
3. Ресей мен ССРО-ғы типологиялық зерттеулер.
4. XX ғасырдың екінші жартысындағы типологиялық зерттеулер.

3 тақырып. Типологиялық талдау әдістері

1. Салыстыру – типологиялық зерттеулердегі негізгі әдісі ретінде.
2. Типологиялық көрсеткіштердің әдісі (Гринберг Д.).
3. Грамматика саласындағы салғастырмалы зерттеу әдістері (Шишова О.В.).

4 тақырып. Шетел (неміс, ағылшын) және қазақ тілдерінің фонологиялық жүйесі типологиясы.

1. Фонологиялық деңгей ұғымы.
2. Екі тілдің фонологиялық жүйелері типологиясын анықтау үшін көрсеткіштерді таңдау.
3. Екі тілдегі дауыссыздардың ішкі жүйесінің типологиялық көрсеткіштері.
4. Екі тілдегі дауыстылардың ішкі жүйесінің типологиялық көрсеткіштері.
5. Суперсегменттік тәсілдердің типологиялық сипаттамалары.
6. Буын құрылымдарының типологиясы.
7. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдеріндегі буын құрылымдарының негізгі түрлері.

5 тақырып. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдерінің морфологиялық жүйесі типологиясы.

1. Тілдің морфологиялық деңгейі ұғымы.
2. Морфологиялық жүйе типологиясын анықтауда тұрақты шаманы (константаны) іріктеу.
3. Екі тілдің морфологиялық жүйесіндегі негізгі типологиялық айырмашылықтар.
4. Сөз таптары типологиясы.
5. «Сөз табы» ұғымы анықтамасына әртүрлі көзқарастар.
6. Сөз таптарын салғастыруға маңызды типологиялық критериалар.

6 тақырып. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдерінің синтаксистік жүйесі типологиясы.

1. Синтаксистік деңгей ұғымы.
2. Сөз тіркестері типологиясы.
3. Сөз тіркестері түрлерін анықтаудағы критерийлер.
4. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдеріндегі атрибутивтік сөз тіркестері.
5. Екі тілдегі объектілі сөз тіркестері түрлері.
6. Сөз таптарының және сөйлем мүшелерінің жалпы типологиясы.
7. Сөйлем типологиясы.

7 тақырып. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдерінің лексикалық жүйесі типологиясы.

1. Сөз тілдегі сөздік құрамның негізгі типологиялық бірлігі ретінде.
2. Сөз типологиясы. Сөздің морфологиялық құрамы.
3. Сөзжасам жүйесі типологиясы.
4. Көпмағыналы сөз құрылымының мағыналық типологиясы.
5. Лексикалық категория ұғымы. Сөз құру түрінің түсінігі. Қосымшасыз сөз құру типологиясы.
6. Ағылшын (неміс) және қазақ тілдеріндегі қиын сөздердің түрлері.

8 Салыстырмалы типология мен оқытудың әдістемесі.

1. Қазақ тілінен ағылшын (неміс) тіліне аударған кезде кездесетін қателер түрлері.
2. Аударма кезінде туындайтын қателердің себептері.
3. Айту кезінде байқалатын тұрақты қателер.
4. Морфологиядағы айырмашылықтармен байланысты кездесетін тұрақты қателер.
5. Сөз тәртібінде кездесетін тұрақты қателер.
6. Салыстырмалы типологияның оқытудың әдістемесі үшін теориялық және практикалық маңызы.

10.3 Студенттің өздік жұмысының мазмұны

10.3.1 СӨЖ түрі

СӨЖ мазмұны				
№	СӨЖ түрі	Есеп беру түрі	Бақылау түрі (формасы)	Сағат көлемі
1	Дәріс сабақтарына дайындық		Сабаққа қатысу	15
2	Үй жұмыстарын жасау	Жұмыс дәптері	Сабаққа қатысу	16
3	Реферат жасау	Реферат	қорғау	16
4	Аудиториялық сағат санына кірмеген материалды оқу	конспект	коллоквиум	16
5	Бақылау шараларына дайындық		Ағымдағы бақылау тестілері МБ1, МБ2	15
	Барлығы			78

10.3.2 Студенттердің өздігінен оқуына бөлінген тақырыптардың тізімі

1. Орыс және қазақ тілдері сөздерінің типологиясы. Орыс және қазақ тілдерінің сөздің құрамы. Исаев және т.б.: 22-42 жаттығулар.
2. Орыс және қазақ тілдерінің фразеологиялық бірліктерінің типологиясы. Орыс және қазақ тілдерінің фразеологиясы. Исаев және басқалары: 43-55 жаттығулар.
3. Орыс және қазақ тілдері сөздерінің морфологиялық құрылымы типологиясы.
 1. Морфологическая структура слова в русском и казахском языках. Исаев және т.б.: 57-70 жаттығулар.
 2. Типология частей речи русского и казахского языков. Исаев және т.б.: 71-88, 89-97 жаттығулар.
4. Орыс және қазақ тілдері етістігі типологиясы. Типология глагола в русском и казахском языках. Исаев және т.б.: 111-132 жаттығулар.
5. Орыс және қазақ тілдері сөз тіркестері типологиясы. Типология словосочетаний в русском и казахском языках. Исаев және т.б.: 150-156 жаттығулар.
6. Орыс және қазақ тілдері жай сөйлем типологиясы. Типология простого предложения русского и казахского языков. Исаев және т.б.: 157-193 жаттығулар.
7. Орыс және қазақ тілдері салалас құрмалас сөйлем типологиясы. Типология сложносочиненного предложения русского и казахского языков. Исаев және т.б.: 194-208 жаттығулар.
8. Орыс және қазақ тілдері сабақтас құрмалас сөйлем типологиясы. Типология сложноподчиненного предложения русского и казахского языков. Исаев және т.б.: 209-215 жаттығулар.

10.3.3 Реферат тақырыптары

Реферат жазу мақсаты студенттердің пән бойынша алған білімі мен біліктілігін бекіту және студенттердің өз бетімен жұмыс жасау қабілеттерін жетілдіру.

1. Ағылшын тілінің тәуелдік септігінің қызметін қазақ тілінің ілік септігімен салыстыру.
2. Ағылшын тілінің тәуелдік конструкцияларын қазақ тіліне аудару тәсілдері.
3. Қазақ тілінің тәуелдік конструкцияларын ағылшын тіліне аудару тәсілдері.
4. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі белгілілікті/белгісіздікті беру тәсілдері.
5. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі pluralia tantum зат есімдердер.
6. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі singularia tantum зат есімдер.
7. of предлогы бар тіркестерді қазақ (неміс, орыс) тілдеріне аудару тәсілдері.
8. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі есімдіктердің қолданылуы және қызметі.
9. Ағылшын тіліндегі есімдіктерді қазақ (неміс, орыс) тілдеріне аудару тәсілдері.
10. Қазақ тіліндегі есімдіктерді (неміс, ағылшын, орыс) тілдеріне аудару тәсілдері.
11. Қазақ (неміс, орыс) тілдеріндегі жақсыз етістіктердің ағылшын тіліне аудару тәсілдері.
12. Ағылшын тіліндегі жақсыз етістіктердің қазақ (неміс, орыс) тілдеріне аудару тәсілдері.
13. Ағылшын тіліндегі етістіктердің түр-уақыт түрлерін қазақ (неміс, орыс) тілдеріне аудару тәсілдері.
14. Қазақ (неміс, орыс) тілдеріндегі әртүрлі қозғалысты білдіретін етістіктерді ағылшын тіліне аудару тәсілдері.
15. "go on + V", "used to + V" конструкцияларын қазақ (неміс, орыс) тілдеріне аудару тәсілдері.
16. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі шақ жүйесі.
17. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі өткен шақты беру тәсілдері.
18. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі бір мезгілділікті беру тәсілдері.
19. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі әр түрлі кезеңдегі іс-қимылды беру тәсілдері.
20. Қазақ (неміс, орыс) тілдеріндегі шырай категорияларын ағылшын тіліне беру тәсілдері.
21. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі ниет, тілекті беру тәсілдері.
22. Ағылшын тіліндегі модальды етістіктерді қазақ (неміс, орыс) тілдеріне аудару тәсілдері.
23. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі шырай категориясын салыстыру.
24. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі әр түрлі модальдық мағыналарды аудару.
25. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі етістік формаларын салыстыру.

26. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі әр түрлі сөз таптарының сөзтұлғаларын салыстыру.
27. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі басқа сөз таптарынан етістік жасау түрлерін салыстыру.
28. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі зат есімдердің басқа сөз таптарынан жасалу жолдарын салыстыру.
29. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі сын есімдердің басқа сөз таптарынан жасалу жолдарын салыстыру.
30. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі үстеулердің басқа сөз таптарынан жасалу жолдарын салыстыру.
31. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі әр түрлі сөз таптарының морфологиялық категорияларының формалды көрсеткіштерін салыстыру.
32. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі сөзформаларының морфемалық құрылымын салыстыру.
33. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі сөз құрылымын салыстыру.
34. Ағылшын тіліндегі "much", "many" және қазақ тіліндегі «көп», «көптеген» (орыс) тілдеріндегі («много», «многие») сөздерінің қолданысы.
35. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі есімді сөз тіркестерінің жалғану түрлері.
36. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі етістікті сөз тіркестерінің компоненттерінің жалғану түрлері.
37. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі толықтауышты беру тәсілдері.
38. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі пысықтауышты беру тәсілдері.
39. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі анықтауышты беру тәсілдері.
40. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі баяндауыштың түрлері.
41. Қазақ (неміс, орыс) тілдеріне күрделі толықтауышты аудару тәсілдері.
42. Қазақ (неміс, орыс) тілдеріне күрделі бастауышты аудару тәсілдері.
43. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдерінде белгісіздік – жақсыз конструкциялардың аударылу тәсілдері.
44. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдерінде жақсыз конструкциялардың аударылу тәсілдері.
45. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі бір құрамды сөйлемдердің түрлері.
46. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі реманы беру түрлері.
47. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі сөз тәртібінің қызметі.
48. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі құрмалас сөйлемдердің бірігу түрлері.
49. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі синтаксистік конструкцияларда қиысуды қолдану.
50. Ағылшын (неміс, қазақ, орыс) тілдеріндегі синтаксистік конструкцияларда қабысуды қолдану.

Практикалық сабақтарға қатысу және дайындалу	СӨЖ түрі/есеп беру түрі		1ҮТ	1ҮТ	2ҮТ	2ҮТ	3ҮТ	3ҮТ	4 ҮТ	4ҮТ	32
	Бақылау түрі		Қ	Т	Қ	Т	Қ	Т	Қ	Т	
	Макс.балл	4	4	4	4	4	4	4	4	4	
Материалды өздігінен меңгеру	СӨЖ түрі/есеп беру түрі		1 ҚМЖ	1 ҚМЖ	2 ҚМЖ	2 ҚМЖ	3 ҚМЖ	3 ҚМЖ	4 ҚМЖ	4 ҚМЖ	28
	Бақылау түрі		КТ	КТ	КТ	КТ	КТ	КТ	КТ	КТ	
	Макс.балл	3,5	3	4	3	4	2	4	3	4	
Пән тақырыптары бойынша білімді бақылау	Тақырып №		1	1	2	2	3	3	4	4	16
	Бақылау түрі		1Т	2Т	3Т	4Т	5Т	6Т	7Т	8Т	
	Макс.балл	2	2	2	2	2	2	2	2	2	

2 рейтинг (6 семестр)

Апталар		1-сабақ үшін макс. балл	9	10	11	12	13	14	15	Барлығы
Максималды балл			14	14	14	14	14	15	15	100
Дәрістерге қатысу және дайындалу	СӨЖ түрі/есеп беру түрі		5ДҮТ	5ДҮТ	6ДҮТ	6ДҮТ	7ДҮТ	7ДҮТ	8ДҮТ	21
	Бақылау түрі		Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	Қ	
	Макс.балл	3	3	3	3	3	3	3	3	
Практикалық сабақтарға қатысу және дайындалу	СӨЖ түрі/есеп беру түрі		ҮТ5	ҮТ 5	ҮТ 6	ҮТ6	ҮТ7	ҮТ7	ҮТ8	28
	Бақылау түрі		Қ	Т	Қ	Т	Қ	Т	Қ	
	Макс.балл	4	4	4	4	4	4	4	4	
Материалды өздігінен меңгеру	СӨЖ түрі/есеп беру түрі		5ҮТ	5ҮТ	6ҮТ	6ҮТ	7ҮТ	7ҮТ	8ҮТ	37
	Бақылау түрі		КТ	КТ	КТ	КТ	КТ	КТ	КТ	
	Макс.балл	5,28	5	5	5	5	5	6	6	
Пән тақырыптары бойынша білімді бақылау	Тақырыптың №		5	5	6	6	7	7	8	14
	Бақылау түрі		9 Т	10 Т	11 Т	12 Т	13 Т	14 Т	15 Т	
	Макс.балл	2	2	2	2	2	2	2	2	

Шартты белгілеулер: 1 ДҮТ – №1 дәріске дайындалу үшін берілетін үй тапсырмасы; Қ – оқу үрдісіне қатысу; КТ- Конспект тексеру; ҚЖБ 1– курстық жұмыстың №1 бөлімі; Т – тексеру; ҚМЖ – қосымша материалмен жұмыс, 1Т – №1 тест.

Қорытынды рейтинг студенттің гиде берілген формула бойынша есептеледі

11 Курстың саясаты

Барлық уақыт дәрісханалық, практикалық сабақтарға және студенттің өздік жұмысына бөлінген. Оқу үрдісіне қатысу деген сабаққа қатысып, талқылау мен топтық жұмысына белсенділікпен араласуды білдіреді. Жұмысқа қатысу сапасы қатысу санынан маңыздырақ.

Сабаққа кешікпеулеріңізді өтінемін. Сабаққа себепсіз кешігу – минус 1 балл.

Сабақты босатқаны үшін келесі айып түрлері белгіленеді:

□ себепсіз практикалық сабаққа қатыспау – минус - 4 балл.

□ көрсетілген мерзімде дайындалмаған әр сабақ үшін айып –3 балл.

□ әр дайындалған сабақ үшін максималды балл- 3-тен 4 баллға дейін.

Әрбір сабаққа міндетті түрде дайындалу керек, себебі ол жалпы рейтингтегі балыңызға әсер етеді. Барлық тапсырмалар белгіленген мерзімде орындалуға тиіс. Орындалмаған үй тапсырмасы да рейтингіңіздің баллдарының сомасына әсер етеді.

Сіздің дайындығыңыз тесттермен (мәрелік және әр тақырыпты оқығаннан кейін көзделген), сауалнамалармен, диктанттармен, коллоквиумдармен тексеріледі. Егер дәлелді себеппен (оқытушының қарауына байланысты) бақылау шараларын өткізу кезінде болмай қалсаңыз, белгіленген уақытта өтуіңізге рұқсат беріледі. Керісінше жағдайда «0» балл аласыз.

Берілген тақырып бойынша реферат жазу, оны уақытында тапсыру және қорғау да ағымдағы бақылауға әсерін тигізеді. Реферат қорғау СРСП сабақтарында өткізіледі. Осындай сабақта болмаған,бірақ реферат тапсырған студент осы жұмысқа берілген максималды балдың 50 % алады.

Қарыздарды СРСП сабақтарында университетке келгеннен кейінгі немесе справканы көрсеткеннен кейінгі бір аптаның ішінде өтеуге болады. Босатылған дәріс оның конспектісі ретінде көрсетіледі, ал босатылған семинарды аталмыш семинардың негізгі сұрақтары бойынша оқытушы тексереді. Босатылған материалды тапсыру үшін екі жұмадан кейін, немесе межелік бақылау алдында келу қажет емес. Электронды журнал әр дүйсенбіде жабылады.

Егер сіз белілі бір себептермен (деканаттың шешімі бойынша) межелік бақылауды босатсаңыз, онда мен белгілеген уақытты сізге бақылау жұмысын жазуға мүмкіндік беріледі. Басқа жағдайда сіз «0» балл аласыз.

Семестрде пән бойынша екі межелік бақылау жоспарланған. Олар жазбаша тест түрінде, немесе компьютерді қолдану арқылы өткізіледі.

P1'P2' рейтингтерді көтеруге ТИЫМ САЛЫНҒАН. Рейтингті көтеруге тек рейтинг алдындағы соңғы аптада ғана рұқсат беріледі (деканаттың шешімімен және ауырғандығыңыз жөнінде справқаңыз болса).

Курстың соңында қорытынды бақылаудың формасы реінде емтихан - тест өткізіледі.

Барлық сабақтардың, межелік бақылау мен сынақ кестесін факультет деканаты белгілейді. Сабақтар кестеге сәйкес өткізіледі.

12 Әдебиеттер тізімі

Негізгі

1. Аракин В.Д. Сравнительная типология английского и русского языков. М., 1989.
2. Резвцова М.Д., Афанасьева О.В., Самохина Т.С. Практикум по сравнительной типологии английского и русского языков. М., 1989.
3. Смирнова Н.Ф., Нехай О.А., Богушевич Д.Г. Практикум по сравнительной типологии английского и русского языков. Минск, 1988.
4. Демесинова Г.Х. Основные понятия типологии языков: Учебно-методическое пособие. - Павлодар: 2006. – 40 с.
5. Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики.

Қосымша

6. Буранов Дж. Сравнительная типология английского и тюркских языков. М., 1983.
7. Исаев С., Нуркина Г. Сопоставительная типология казахского и русского языков. Алматы, «Санат», 1996.
8. Исаев С.М., Исмагулова Б.Х., Тажмуратова А.Е, Баяндина С.Ж. Сборник упражнений по сопоставительной типологии русского и казахского языков. Алматы, 1994.
9. Хасенов Ә.Тіл білімінің теориялық және пр-лық мәселелері, Алматы, 1985